

# ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№63 (228), наурыз, 2025 ж.

ҒЫЛЫМ МЫҚТЫ БОЛСА,  
МЕМЛЕКЕТ ҚУАТТЫ

4

День культуры  
Туркменистана

10

НАҒЫЗ ҰСТАЗ!

14

## ТӨРЛЕТ, ТӨРЛЕТ ӘЗ-НАУРЫЗ!

Елімізде Наурызнама аясындағы онкүндік іс-шарасы М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-де жоғары деңгейде аталып өтті. Онкүндіктің «Көрісу», «Қайырымдылық», «Мәдениет және салт-дәстүр», «Ұлттық киім кию», «Шаңырақ», «Ұлттық спорт», «Жаңару», «Тазару» күндеріне ұжым мен білім алушылар ынтымақ-бірлікпен атсалысып, әр күннің маңыздылығын насихаттауға үлкен үлес қосты. Атап айтқанда, ұлттық киім күнінде болашақ жас дизайнерлердің қолынан шыққан 100-ге тарта ұлттық киімнен сән үлгісін көрсетті. Қайырымдылық күнінде ұжым болып, көмекке мұқтаж жандарға игі іс жасалды. Салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғыртылып, Шаңырақ күнінде өнегелі отбасы құндылығын көрсеткен отбасылық байқау ұйымдастырылды.



Рамазан айымен тұспа-тұс келген Наурыз айында Оңтүстігімізде көктемнің күні шуағын шашып, Әз-Наурыз мерекесінің әр күні жұртшылықтың көңілін жадыратты. Оқу ордасында 21 наурызда – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі тойланды. Алдымен әнші, биші, жыршы, ақыны мен батырынан құралған көш ән мен жырдан шашу шашып, мерекенің сәнін кіргізді, шырайын ашты. Университеттің Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки барша жиналған қауымды ұлттық мерекемен құттықтады.

–Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтың сүйікті мерекесіне айналды. Дана халқымыз бұл күнді – жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы деп бекер атамаған. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымақ-бірлігін, бейбітшілігі мен достығын нығайтатын мейрам деп бағалаған. Бытырдан бері ұлттық мейрам жаңаша сипатқа ие болып, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Наурыз мерекесі «Наурызнама» деген атпен жаңа форматта тойланып жатыр.



Бәріңізді көктемнің жарқын мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Наурыз күні ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталуға жазсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!, – деді құттықтау сөзінде Дархан Жұмақанұлы.

Мерекелік кеште әншілер наурыз әндерін шырқады, бишілер мың бұрала билеп, дәстүрімізбен қауыштырды. Сондай-ақ, ұлттық спорт түрлері: қол күресі, асық ату, ләңгі тебуден қатысушылар сынға түсті. Ұлттық спортты жаңғыртқан жеңімпаздар бағалы сыйлықтарға ие болды.

Ұлттық мейрам аясында Ораза тұтқан жандарға ауызашар беріліп, ақ дастарханда еліміздің тынышты мен бейбітшілігі, халқымыздың береке-бірлігінің мығым болсын деген тілегін білдірді.

Сонымен қатар, 22 наурызда университет ұжымы Әл-Фараби алаңында Шымкент халқымен бірге ұлыс мерекесін тойлап, өнерпаздарымыз концерттік бағдарламасын ұсынды.

Ұлттық мерекеміз құтты болып, жаңа жылымыз жақсылығымен келсін!





# ӨЗБЕКСТАНДЫҚ СЕРІКТЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Білім және ғылым саласындағы екі ел арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және нығайту мақсатында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің ректоры Дархан Ахмед-Заки бастаған делегация Өзбекстан Республикасының серіктес жоғары оқу орындары – Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ш. Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университеті және Ташкент химия-технология институтымен кездесті.

2024 жылдан бастап Шыршық қаласында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің филиалы табысты жұмыс істеп келеді. Бұл филиал Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Ш. Мирзиёев арасындағы келісімдердің нәтижесінде ашылды. М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың Өзбекстандағы филиалы секілді халықаралық білім беру платформаларын құру және дамыту студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейтуге, тәжірибе алмасуға, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазақстандық делегация сондай-ақ Өзбекстан Республикасының Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрі Қ. Шариповпен кездесіп, жоғары білім саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың негізгі мәселелері мен Шыршық қаласындағы М. Әуезов атындағы ОҚУ филиалын одан әрі дамыту перспективаларын талқылады. Атап айтқанда, келесі бастамаларды жүзеге асыру ұсынылды:

- филиал базасында ғылыми кадрларды даярлау;
- қазіргі ғылыми бағыттар бойынша жыл сайынғы бірлескен ғылыми форумдар ұйымдастыру;
- жазғы ғылыми мектептерді өткізу;
- өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін технологиялық сессиялар ұйымдастыру. Оған екі елдің ғылыми қауымдастығының өкілдері қатысады;

- осы оқу жылынан бастап бакалавриат және магистратура деңгейінде IT саласы бойынша инновациялық білім беру бағдарламаларын іске асыру. Серіктес жоғары оқу орындарымен өткізілген кездесулердің нәтижесінде қолданбалы химия бағыты бойынша қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске қосу туралы келісімдерге қол қойылып, бірлескен ғылыми жобалар мен серіктес университеттердің зертханаларында ғалымдардың жұмысын ұйымдастыру жөнінде уағдаластықтар жасалды.

– Біздің университет аймақтағы жоғары білім және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың жетекші орталығына айналуы көздейді. Шыршықтағы филиалды дамыту – бұл тек Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы білім беру байланыстарын нығайту қадамы ғана емес, сонымен қатар елдеріміздің ғылымы мен инновациясын дамытуға үлес қосатын жоғары білікті мамандарды даярлау мүмкіндігі. Біз ынтымақтастығымызды одан әрі кеңейтіп, Өзбекстан Республикасындағы ғылыми ұйымдар мен индустриялық серіктестер үшін ғылыми-білім беру қызметтерін экспорттау арқылы дамытуға ниеттіміз, – деп атап өтті Дархан Ахмед-Заки.

Бұл сапар екі елдің білім беру мекемелері арасындағы әріптестікті тереңдетуге бағытталған маңызды қадам болды және М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың шетелдік серіктестермен нәтижелі халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытуға деген ұмтылысын тағы бір мәрте растады.





# БУРАБАЙДА IV ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысына қатысты. Президент Көкше төріндегі құрылтайда осыдан үш жыл бұрын наурыз айында жариялаған Жолдауына сай жүргізілген қоғамдық-саяси реформаларға тоқталып, ел ішіндегі оң өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосқанын атап өтті. М.Әуезов атындағы ОҚУ ғалымдары Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелерге өз пікірлерін білдірді.



## КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ САЛАҒА БАСТЫ НАЗАР АУДАРЫЛДЫ

Бурбайда өткен Ұлттық құрылтай отырысында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, жаңа заман талаптарына сәйкес экономикалық даму, өнеркәсіп әлеуетін күшейту, ауыл шаруашылығы саласын, көлік-логистика кешенін, шағын және орта бизнесті, қаржы секторын, өңірлік даму және қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын арттыру секілді бірқатар тың бастамаларды көтеріп, білім мен ғылымды дамыту мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзекті мәселелеріне кеңінен тоқталды. Өз баяндамасында Мемлекет басшысы әсіресе көліктік-логистикалық салаға басты назар аударды. Басқа да мәселелермен қатар Транскаспий дәлізін дамыту, жол инфрақұрылымын жетілдіру, кедендік рәсімдерді оңтайландыру мәселелерін ерекше атап өтті. Сонымен қатар көліктік-логистика саласында цифрлық технологияларды кеңінен енгізу қажеттілігіне де кеңінен тоқталды. Көліктік-логистикалық кешен Қазақстан экономикасының басты салаларының бірі болып табылады, сәйкесінше ұлттық табысқа және қоғамның әл-ауқатына әсер етеді. Тиімді көлік өндірістік процестерді жеделдетуге және аймақаралық және халықаралық экономикалық қатынастарды нығайтуға ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік бюджетті толықтыруға көмектеседі. Осы бағыттағы негізгі міндеттерге әлемдік деңгейдегі көліктік-логистикалық қызметтердің сапасын жақсарту, қазақстандық экспортқа жаһандық бағыттардың қол жетімділігін кеңейту, ел арқылы халықаралық тауарлар мен жолаушылар транзитін ұлғайту, көлік шығындарын азайту және Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру кіреді.

**С.ПЕРНЕБЕКОВ, «Көлік, тасымалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасының профессоры, т.ғ.к., ҚР Ұлттық машинажасау және көлік академиясының академигі**

## МӘДЕНИ МҰРА – ЕЛГЕ МИРАС

Ұлттық құрылтай – мәні зор алқалы жиын алаңы. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде ел үшін бағыт болатын, келешекке бағдарланған атқарылуы тиіс маңызды шаралар жүйесі баяндалды. Мен Мемлекет басшысының мәдени мұралар туралы сөзіне тоқталғым келеді. ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұра» тізіміне елімізден бірінші болып үздік сәулет ескерткіші Қожа Ахмет Ясауи кесенесі енгізілген болатын. Тарихи-мәдени мұраларымызды дәріптеу өз жалғасын тауып келеді. Мемлекет басшысы "Біз ЮНЕСКО-мен ынтымақтастық аясында Қазақстанның материалдық және материалдық емес мұраларын халықаралық тізімдерге енгізуге айрықша мән беріп жатырмыз. Үкімет түрлі ұлттың барша адамзатқа ортақ білім қазынасына қосқан зияткерлік үлесін көрсететін «Әлем жады» тізіміне деректі мұраларымызды енгізу жұмысын жандандыру қажет» деп атап өтті. Бұл әрине, ұрпаққа мирас болатын асыл қазыналарымызды сақтау, қорғау, насихаттаудың жарқын көрінісі.

Иә, тарихи-мәдени мұраларымызды XXI ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз керек. Бұл – ұрпақтар сабақтастығымен келешекке нық қадам басатын жарқын істер екені айқын.

**Алғабек ҚАБЫЛ,**  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы.

## ТЫҢ БАСТАМАЛАР КӨТЕРІЛДІ

Бурбайда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көлік пен логистика саласын Қазақстанның болашағы үшін аса маңызды деп атап өтті. Әлемдегі сауда жолдары өзгеріп, ресурстарға сұраныс артып жатқан кезде, біздің еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын үлкен жолдың жүрегінде тұрса, табиғи артықшылыққа ие екендігі айқын. Соңғы жылдары 4400 шақырым жол салынды, теміржол жүйелері жаңартылып, осы салаға айтарлықтай қаржы салынды. Бұл тек экономиканы өсіріп қоймай, халықтың тұрмыс сапасын да арттыра түседі деп санаймын. Сонымен қатар, Президентіміз көлік саласының тек жол құрылысы ғана емес, технология мен энергия салаларымен де тығыз байланысты екеніне назар аударды. Цифрлық жүйелерді енгізу арқылы тауар тасу тезірек әрі тиімді болатыны сөзсіз. Мен үшін ең қызығы — шетелдермен бірлесе отырып, Қазақстанды Еуразияның орталық көлік жолына айналдыру жоспары. Бұл қадам елімізге тек қаржылық пайда әкеліп қана қоймай, халықаралық аренада беделімізді арттыра түседі деп сенемін.

**Ғ. Е. Сералиев, «Сәулет, құрылыс және көлік факультеті», «Көлік, тасымалдауды және қозғалысты ұйымдастыру кафедрасының» доценті, т.ғ.к**


## КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ О КЛЮЧЕВЫХ РЕФОРМАХ И НАЦИОНАЛЬНОМ ЕДИНСТВЕ

14 марта 2025 года на заседании Национального курултая Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев поднял множество социальных, экономических и политических проблем.

В первую очередь Президент остановился на налоговой реформе, которая сейчас бурно обсуждается в обществе. Он обозначил налоговую реформу, как инвестиции в социальное благополучие. Также отметил, что данная реформа является фундаментальной частью новой экономической политики и подчеркнул необходимость повышения ставки НДС, несмотря на критику. При этом глава государства особо подчеркнул, что помощь следует оказывать действительно нуждающимся гражданам. Далее Президент акцентировал внимание на укреплении национальной идентичности и роли казахского языка как ключевых элементов культурного и духовного прогресса. Глава государства отметил позитивное восприятие гражданами новой концепции празднования Наурыза. Он подчеркнул, что ношение национальной одежды постепенно становится обыденным явлением, и призвал к ее всесторонней популяризации. Также он поддержал инициативу программы "Адал азамат" для воспитания патриотичного поколения, предложил сосредоточить усилия по защите детей в рамках программы "Дети Казахстана". В завершении своего выступления, Касым-Жомарт Токаев отметил, что в условиях геополитической напряженности казахстанцам крайне важно как зеницу ока беречь главное условие устойчивого прогресса – общенациональное единство, согласие и стабильность в обществе. У Казахстана есть огромные возможности как минимум в четырех направлениях. Это цифровизация и искусственный интеллект, транспорт и транзит, энергетика и агропромышленный сектор, человеческий капитал.

**АСКАРОВА ЭТ**  
докторант кафедры «Финансы» ЮКУ им. М.Ауэзова






# ҒЫЛЫМ МЫҚТЫ БОЛСА, МЕМЛЕКЕТ ҚУАТТЫ

М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің жас ғалымдары «Жас ғалым» конкурсының қорытындысы бойынша 9 жоба жеңіп алды. Еліміздің ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, құрылыс саласында инновациялар, экологияны жақсарту секілді мәселелерді шешуде ғалымдар зерттеулерін бастады. Ғалымдарымыздың зерттеу жұмысына сәттілік тілей отырып, жобаларын жеке-жеке таныстыруды жөн көрдік.

## «Заманауи газ тазарту аппараттарын жасау» жобасын қолға алды

«Конструкцияларды, құрылғылар мен процестерді мультифизикалық модельдеу» ғылыми зертханасының ғылыми қызметкері, PhD, жас ғалым Абжапбаров Абай Ақылбекұлы газ тазарту әдісін мультифизикалық модельдеу негізінде қазіргі заманғы газ тазарту аппараттарын жасаумен айналысады. Бұл әдіс құйындық және соққылық өзара әрекеттесу механизмдерін біріктіріп, жанау аймағында оңтайлы жылулық режимді қамтамасыз етеді. Жоба қолданыстағы газ тазарту әдістерінің төмен тиімділігі, жоғары энергия тұтынуы, шегінділердің пайда болуына бейімділігі, сондай-ақ кәсіпорын үшін және оның шегінен тыс жерлерде экологиялық жағдайдың қолайсыздығы мәселелерін шешуге бағытталған. Жобаны іске асыру барысында COMSOL Multiphysics бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып, мультифизикалық зерттеу әдістері пайдаланылады. Алынған нәтижелер газ ағындарының синфаздық құйындық өзара әрекеттесу режимінде жұмыс істейтін газ тазарту жүйелерін жасау саласындағы ғылым мен технологиялардың одан әрі дамуына ыңпал етуі мүмкін. Ғылыми жетістіктер химия, мұнай өңдеу, тамақ өнеркәсібі және құрылыс материалдарын өндіру кәсіпорындарында, сондай-ақ технологиялық схемаларында газ тазарту және шаң аулау жабдықтары қолданылатын салаларда пайдалануы мүмкін.






## Жемдік және қант соргосын өндірудің технологиясын зерттеуде


Жас ғалым Калымбетов Ғани Ескермесұлы «Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану» басымдығы бойынша «Жас ғалым» грантының иегері атанды. Ғани Калымбетов ғылыми жобасында Оңтүстік Қазақстанда жемдік және қант соргосын өндірудің жетілдірілген технологиясын қолданады, бұл технология жоғары өнімді біржылдық жайылымдар құруға бағытталған. Патенттелген технологияны және биостимуляторларды қолдану азықтық жемшөп өндірудің экологиялық тазалығын және тиімділігін қамтамасыз етеді. Зерттеу барысында жасыл массаның өсуі, көпорымдылық, сондай-ақ құрғақшылық жағдайында биостимуляторлардың өнімділікке және азық сапасына әсері зерттеледі. Биостимуляторларды қолданудың оңтайлы мерзімдері, дозалары және әдістері анықталады, сонымен қатар түрлі факторлардың (топырақ, климат, сорт) технологияның тиімділігіне әсері бағаланады. Қосымша жасыл массаның химиялық құрамы (ақуыздар, көмірсулар, майлар, витаминдер, минералдар) және оның төрт түлік үшін қоректік құндылығы талданады. Жоба нәтижелері соргоны азық өндіруде, тамақ өнеркәсібінде (сироптар, қант алмастырғыштар) және биоэтанол өндіруде оңтайландыруға мүмкіндік береді.

## Керамогранит алудың инновациялық технологиясын әзірлейді

Жас ғалым Дархан Әсел Зұлпықарқызы «Энергия, озық материалдар және көлік» басым бағыты бойынша «Жас ғалым» грантын жеңіп алды. Әсель Зұлпықарқызы жас ғалым жобасы шеңберінде минералды шикізаттар мен техногендік қалдықтар негізінде керамогранит алудың инновациялық технологиясын әзірлейтін болады. Бұл олардың механикалық және пайдалану сипаттамаларын, атап айтқанда, беріктігін, су сіңіргіштігін және аязға төзімділігін жақсартуға мүмкіндік береді. Жергілікті минералды ресурстарды қолдану импортты алмастыруға және өнімнің өзіндік құнын төмендетуге ықпал етеді. Алынған керамогранит үлгілері механикалық зақымдарға төзімділігі жоғары болып, пайдалануды мерзімі ұзарады, бұл олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Алынатын нәтижелер Қазақстанның керамика өнеркәсібінің өзекті мәселелерін, соның ішінде импортты алмастыру және өндіріс тиімділігін арттыру міндеттерін шешуге бағытталған.








### Разработка сыров из верблюжьего молока

Следующий грантообладатель «Жас ғалым» — Габрильянц Элеонора Арутюновна. Она выиграла грант по приоритету «Устойчивое развитие агропромышленного комплекса». Элеонора Арутюновна будет заниматься разработкой технологии мягких сыров из верблюжьего молока с использованием молочнокислых микроорганизмов с заданными свойствами. Верблюжье молоко обладает уникальным составом и высокой питательной ценностью, однако его переработка в сыр требует научно обоснованного подхода. Для создания качественного продукта необходимо изучить влияние различных штаммов молочнокислых бактерий на выход, процесс созревания сыра, его текстуру, вкус и биологическую активность. В ходе реализации проекта будет проведено исследование состава и свойств верблюжьего молока Туркестанской области, отобраны перспективные культуры молочнокислых микроорганизмов, обладающие ценными производственными признаками. Также будет оптимизирован технологический процесс производства мягких сыров, а образцы продукции пройдут комплексный анализ на образование биоактивных пептидов и их влияние на качество конечного продукта. В результате проекта будет разработана технология мягких сыров из верблюжьего молока, что позволит расширить ассортимент молочной продукции и повысить ее пищевую ценность.





### Ресурсосберегающее выращивание озимой пшеницы

Торебаева Сагадат Даулетбековна приступила к разработке ресурсосберегающей технологии возделывания озимой пшеницы на обыкновенных сероземных землях Южного Казахстана. В настоящее время в мелких, средних хозяйствах и промышленных предприятиях резко снизилась урожайность озимой пшеницы. Причина кроется в несвоевременном проведении агротехнологических работ по уходу за сельскохозяйственными культурами и неосвоении системы севооборота. Известно, что при посеве сельскохозяйственных культур затраты на обработку почвы посевных площадей и измельчение почвы составляют 40-50 процентов, и снижение этих затрат является одной из актуальных проблем аграрной науки. В результате многолетнего опыта будет разработана и внедрена в производство агротехника выращивания озимой пшеницы. В результате прямые затраты при посеве снизятся на 37-42%, расходы на ГСМ — на 25-38%, уровень чистой прибыли увеличится на 28-45%, себестоимость произведенной продукции снизится на 30-50%.



### Микробная композиция для ксилита из топинамбура


В рамках конкурса грантового финансирования исследований молодых ученых по проекту «Жас ғалым» на 2025-2027 годы докторант Каримова Саулет Сабитхановна получила грант на реализацию проекта «Разработка микробной композиции для получения ксилита из целлюлозы топинамбура». Данное исследование проводится по приоритетному направлению «Устойчивое развитие агропромышленного комплекса». Основная цель проекта — создание высокоэффективной микробной композиции, способной преобразовывать целлюлозу топинамбура в ксилит. Разработка инновационной технологии биоконверсии позволит не только повысить экологическую безопасность процесса, но и обеспечить экономически выгодный метод получения ксилита — ценного продукта, востребованного в пищевой, фармацевтической и химической промышленности. Реализация данного проекта внесет значительный вклад в развитие биотехнологий, способствующих рациональному использованию растительных ресурсов и созданию экологически чистых продуктов.





# ОРТА КӘСІПТІК ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңдағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту болса, оның кешенді тармағы – тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін мемлекеттік тілді жетік меңгерген кәсіби мамандар даярлау болып табылады. Мамандандырылған жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту – студенттердің тілді болашақ кәсіптік қызмет бабында және жеке қарым-қатынасында қолдана алатындай іскерлік пен дағдыларды игерту. Әсіресе, студенттердің кәсіби сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде мақсатын көздейді.



Олардың мамандық бойынша білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі. Мәтіндермен жұмыс барысында студенттер болашақ мамандықтары туралы қосымша мәліметтер мен атқарылатын іс-әрекеттеріне байланысты ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Әдіскер ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, Ф. Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды... Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез-келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді».

Тіл үйренушілендің кәсіби сөйлеу тілін мәтін арқылы дамыту жұмыстары са-

бақтардың бастапқы кезеңінен жүзеге асырылады. Кәсіби бағдарлы оқыту барысында ең алдымен, студенттердің кәсіби мамандықтары ескеріліп, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, негізгі ұғымдар мен терминдерге, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа қатысты оқытылатын арнайы пәндермен тығыз байланысты болып келеді. Бұл орайда құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерімен қатар, мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, қорытындылау, жинақтау көзделеді.

Студенттердің кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуды қамтамасыз ететін мәтін түрлеріне баяндама, талқылау, әңгіме, пікірлесу, хабарлама, сұрастыру, сұхбат жатады. Басты мақсатымыз – болашақ мамандыққа байланысты сөздерді қазақ тілінде үйретіп, кәсіби сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби лексиканы мәтіннен таба білу, оны мәтіннен тыс жағдайда орынды қолдану – олардың іскер, жан-жақты дамыған, өз мамандығын жетік меңгерген терең білімді маман тәрбиелеу болып табылады. Қазақ тілінен берілетін әрбір сабақтың тәрбиелік, танымдық жағына баса мән беріп, оның болашақ мамандығының өмірдегі қажеттілігін саналы түрде түсінуіне мүмкіндік туғызу қажет.

Тіл үйрету сабақтарының бастапқы кезеңдерінде мәтіндердің берілу қағидаттары қарапайымнан күрделіге қарай алмасу заңдылықтарына негізделеді. Кәсіби бағдар барысында оқыту мәселелеріндегі мәтін таңдау ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, мұнда ең алдымен тіл үйренушінің кәсіби мамандығы ескеріле отырып, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, негізгі ұғымдар мен терминдерге көңіл аударылып, олардың лексикалық-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударту жұмыстары жүргізіледі. Бұдан кейінгі кезекте, әдетте студенттер берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, кәсіби бағытта мәтін құрастырады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі маман-





дыққа байланысты оқытылатын арнайы пәндермен тікелей ұштастыра алынады. Себебі кез-келген мамандық иесі өзі таңдаған кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеруге мүдделі және өз ойын кәсіби сөйлеу тілінде жеткізуге ұмтылуы оның мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру мәселесіне келіп тіреледі.

Оқыту барысында аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте студенттерге кәсіби танымдық мазмұндағы құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз тіркестері мен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерін орындаумен бірге, мәтіннен қажетті нақты ақпаратты табу көзделеді. Тілді оқытуда мәтіннің қатысым әрекетіндегі маңыздылығына сәйкес, оны іріктеп, таңдаудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей жүйеленеді.

Әр студенттің мамандығына қатысты лексиканы меңгеруіндегі негізгі шарт — сөздік қорының мол болуы. Өйткені, сөздік қоры жеткілікті студент тілде жаңа туынды сөздер мен жаңа мағыналы сөздерді жасап, тілдесуде кеңінен қолдана алады. Тілдесімнің кәсіби бағдарлық, тақырыптық, шығармашылық түрлері студенттің сөз байлығын арттырып, толықтырады. Тақырыптық лексиканы үйретуде оны күнделікті өмірде қолданылуының жеңіл болуын, мамандыққа қатысты ұғымына мағынасының сай келуін, оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алынуын, мағыналық ерекшеліктерінің ескерілуін, сөздердің тәрбиелік ұғымға сәйкестілігін ескерген жөн. Осындай ерекшеліктерді ескерген жағдайда ғана студенттің мамандық саласына байланысты тілдесуі өз дәрежесінде дамиды. Оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кәсіби бағытта жүйелі жұмыс жүргізу арқылы студенттердің сөздік қорларын байытып, кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Тиімді жұмыс барысында студенттердің өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, мамандықтары бойынша білімдері толығына түсері сөзсіз.

Тілді мамандыққа қатысты оқытудың ұтымды жақтары мыналар:

- студенттер қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алады;
- кәсібіне байланысты жинаған сөздік қорды жұмыс орнында пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысы қалыптасады;
- қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түседі;
- қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде студенттер білімдерін молайтады;
- күнделікті қызмет бабында ресми-іскери сөйлесуге тән тұлғаларды меңгеріп, мамандыққа қатысты ойларын жазуды үйренеді;
- болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын саналы сезінуіне мүмкіндік туады.

Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту — қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мемлекеттік тілді білу, жетік меңгеру және нақты тілдік жағдаятта дұрыс қолдана алу — еліміздің әрбір саналы азаматының қасиетті парызы. Қазақстанда 130-дай ұлт өкілдері тұрады. Осы ұлт өкілдерінің бәрінің ана тілімен қатар мемлекеттік тілді жетік деңгейде меңгеруі міндетті. Осы міндет пен мақсатты жүзеге асыру үшін талай игі қадамдар, ізгі істер жасалып жатыр. Тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген табыстарға қол жеткіздік, экономикалық табыстармен қатар мәдениет пен өнер саласында да талай-талай биік белестерді бағындырдық. Тәуелсіздігіміз бен татулығымыздың тұрақтылығымыздың кепілі парасатты билік пен көрегенді саясаттың арқасы айқын. Татулықтың тірегі — түсіністік, ал түсіністіктің тірегі — тіл бірлігі. Сондықтан да қазір еліміздегі лингвист мамандардың алдында үлкен жүк, міндет тұр. Отандық білім кеңістігінде көптілді ортада қазақ тілін екінші тіл немесе шетелдік азамат-

тарға екінші тіл ретінде оқытудың озық әдістемесін қалыптастыру.

Қазақ тілінің инновациялық әдістемесін қалыптастырудың өзектілігі — еліміздегі тіл саясатына қатысты айтқан тұжырымды терең ойларын жүзеге асыру мақсатында, отандық білім беру сатысын әлемдік деңгейге көтеру болып табылады. Қазақ тілін көптілді ортада деңгейлеп оқыту және қазақ тілінің грамматикасын дәрісханасы сұранысына қарай прагматикалық тұрғыдан оңтайлап ұсыну — бұл салада соны әдіс. Қазақ тілінің грамматикасын тілді тұтынушы сұранысына сәйкес дәрісханаға оңтайлап ұсыну тәсілін М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің пән оқытушылары шетелдік азаматтар үшін қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту барысында — сабақта ұтымды пайдаланып жүр. Қазақ тілі грамматикасын кешенді түрде оқыту әдістемесі орта кәсіпті білім беру мамандықтарындағы білім алатын шетелдік қандас қазақ жастарын кешенді тестілеуге әзірлеу барысында тиімділігін айқын дәлелдеді. Колледжерде білім алған талапкер жастар қазақ тілі пәнінен 10 ай ішінде — аз ғана мерзімде елімізде он бір жылы бойы оқыған отандық талапкерлерден кем емес деңгейде балл жинайды.

Еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті қазақ тілін көптілді ортада оқытудың отандық инновациялық жүйесін — тіл үйренуші ортаның сұранысына бейімдеп, қазақ тілі грамматикасын оңтайлап оқытатын бірегей әдістемесінің инновациялық технологиясының қалыптастыру керек. Әдістеменің жаңалығының артықшылығы және перспективасы: ұсынылып отырған әдістеменің өзектілігі мемлекеттік тілге деген сұраныстың жылдан-жылға артып келе жатқанына байланысты қазақ тілін көптілді ортада оқыту әдістемесінің инновациялық технологиясының отандық жүйесін — әлемдік және отандық білім беру жүйесіндегі озық модельдердің тиімді бағыттарын саралай отыра, қалыптастыруды ұсынады. Қазақ тілінің қоғамдық, мәдени, саяси, әлеуметтік маңызын — еліміздегі қарым-қатынастың негізгі құралы, мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін айқындауды көздейді. Ең бірінші, қазақ тілін сатылап оқытудың жаңа әдістемесін: іскери-ресми және кәсіби қазақ тілі ретінде, екінші тіл және шет тілі ретінде оқыту жүйесін әлемдік тіл үйрету бағдарламасына сәйкестендіріп, нөльдік деңгейден бастап оқыту үдерісін енгізуді және парадигматикалық тұрғыдан грамматиканы өзге тілді дәрісханаға бейімдеп оқыту жүйесін ұсынады. Қазақ тілінің қолданыс аясының кеңістік пен уақыт аясындағы даму жолдарын мен танымдық-тәрбиелік мәнін саралау, тілдегі ұлттық таным негіздері мен одан алатын тағылымының жүйелілігін лингвомәдениеттік негізде анықтаудың маңызы зор. Қазақ тілінің коммуникативтік функциясын, тілдік құзыретін жаңаша ғылыми негізде қарастырудың, лингвистикалық ерекшелігін танытудың, қазіргі заманның өркендеп даму жүйесі тұрғысынан жүйелі түрде зерделеудің маңызы мен мәні ерекше.

Қазіргі заман мен тұтынушының сұранысына сай қазақ тілін көптілді ортада оқыту әдістемесі жаңаша мазмұнды құрылымда қалыптастыруды қажет етеді. Мемлекеттік тілді оқытудың озық отандық әдіснамасын қалыптастыру мәселесіне қатысты баспасөз беттерінде, конференцияларда көптеген мақалалар, жарияланымдар жарық көрді. Алайда қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту жүйесінің инновациялық технологиясын қалыптастыру мәселесі толығымен шешілген жоқ. Әлемдік және отандық тіл оқыту әдістемесін сараптап, зерделеп, қазақ тілін көптілді ортада оқытудың жаңаша кешенді әдістемесін: парадигмалық тұрғыдан грамматиканы өзгетілді дәрісханаға оңтайлап оқытуды ұсыну керек. Өзге тілді дәрісханада жүргізілген зерттеулер мен тәжірибелер, практикалық сабақтар қазақ тілінің грамматикасын семантикалық-функциональдық жақтан көптілді ортаға бейімдеп оқытудың инновациялық әдістемесі қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқыту үдерісін жақсарту түсетінін көрсетті. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада грамматикасын бейімдеп оқыту инновациялық әдістемесі отандық оқу саласындағы бірегей де инновациялық әдістеме болып табылады.


**Айнұр ДОСМУХАМБЕТОВА,**  
**М. Әуезов атындағы ОҚЗУ колледжінің әдіскері**





## Психология обучения языкам:

## МОТИВАЦИЯ СТУДЕНТОВ



Изучение иностранного языка — это сложный и многогранный процесс, который требует не только когнитивных усилий, но и значительных эмоциональных затрат. Одним из ключевых факторов, определяющих успех в изучении языка, является мотивация. Понимание различных типов мотивации и факторов, которые на нее влияют, помогает преподавателям разрабатывать более эффективные курсы и повышать вовлеченность студентов. В данной статье рассматриваются основные теории мотивации, типы мотивации и стратегии, которые преподаватели могут использовать для поддержания и развития мотивации студентов.



Мотивация в контексте обучения иностранным языкам делится на два основных типа: внутренняя и внешняя. Внутренняя мотивация — это внутреннее стремление изучать язык ради личного удовольствия, интереса или для достижения личных целей. Студенты, мотивированные таким образом, учат язык не ради внешних вознаграждений, а из-за истинного интереса к культуре и языковой системе. Это может быть желание понимать фильмы и книги в оригинале, знакомиться с носителями языка или развивать свои интеллектуальные способности. Такие студенты чаще всего более настойчивы, их учебный процесс насыщен саморазвитием и постоянным стремлением к улучшению. В то время как внешняя мотивация обусловлена внешними факторами, такими как необходимость сдать экзамен, получить диплом или устроиться на работу, где требуется знание языка. Внешняя мотивация может быть сильной, но часто она менее устойчива. Если внешний стимул исчезает (например, студент сдал экзамен или достиг своей цели), то его мотивация может существенно снизиться.

Мотивация имеет решающее значение для успешного овладения языком. Она влияет на различные аспекты, включая усвоение лексики, развитие беглости речи и способность преодолевать трудности. Мотивированные студенты с большей вероятностью будут использовать язык вне учебного процесса, искать возможности для погружения и проявлять упорство, сталкиваясь с трудностями. Одной из самых известных теорий мотивации в обучении языкам является теория самодетерминации (Self-Determination Theory, SDT). Согласно этой теории, мотивация зависит от трех факторов: автономии, компетентности и связи с другими людьми. Студенты, которые чувствуют, что имеют контроль над своим обучением (автономия), уверены в своих способностях (компетентность) и получают поддержку от преподавателей и однокурсников (связи с другими), с большей вероятностью будут иметь внутреннюю мотивацию к изучению языка.

Преподавание иностранного языка в вузе должно учитывать разнообразие мотиваций студентов. Чтобы повысить мотивацию студентов, преподаватели могут применять различные стратегии. Одной из ключевых рекомендаций является создание положительной учебной атмосферы. Студенты чувствуют себя мотивированными, когда видят поддержку и уважение со стороны преподавателей, когда ошибки воспринимаются как возможность для обучения, а не как неудачи. Важно, чтобы в классе царил атмосфера доверия, которая позволяет студентам не бояться пробовать и ошибаться. Также важным аспектом является установление четких и достижимых целей. Когда студенты понимают, к чему они стремятся, и могут измерить свой прогресс, это способствует их мотивации. Преподаватели должны разбивать долгосрочные цели на более мелкие этапы, что помогает студентам видеть результаты своих усилий и поддерживает их уверенность в себе.

Соединение обучения с личными интересами студентов — важный инструмент мотивации. Когда студенты понимают, как изучение языка помогает им в достижении личных целей, их заинтересованность и мотивация возрастают. Преподаватели могут включать в курс темы, близкие студентам, будь то музыка, путешествия, профессиональные интересы, что делает уроки более увлекательными и релевантными. Еще одна важная стратегия — поощрение автономии. Когда студенты могут сами принимать решения относительно своего обучения, они чувствуют большую ответственность за свой прогресс. Это может быть выбор темы для проекта, возможность выбора методов изучения или оценивания. Студенты, имеющие возможность принимать решения о своем обучении, часто более вовлечены в процесс.

Предоставление конструктивной обратной связи играет ключевую роль в поддержании мотивации. Оценки и комментарии должны быть конкретными и ориентированными на развитие. Вместо того чтобы сосредотачиваться исключительно на ошибках, преподаватели должны подчеркивать достижения студентов и предла-

гать практические рекомендации по улучшению. Такой подход помогает студентам чувствовать себя увереннее и мотивированнее продолжать обучение. Также в последнее время активно используется геймификация — внедрение игровых элементов в образовательный процесс. Это может включать использование онлайн-платформ, где студенты выполняют задания в виде конкурсов или игр, что делает обучение более увлекательным и стимулирует активное участие.

Мотивация является динамичным процессом, который может изменяться на протяжении обучения. Для того чтобы поддерживать высокий уровень мотивации у студентов, преподаватели должны постоянно искать способы вдохновлять и поддерживать их, особенно в те моменты, когда обучение становится сложным. Важно понимать, что даже студенты, изначально мотивированные внешними факторами, могут развить внутреннюю мотивацию, если их обучение будет иметь личностный смысл и будет связано с реальными жизненными задачами. Студенты, которые испытывают внутреннюю мотивацию, более стойки при преодолении трудностей и склонны к более глубокому освоению языка, что важно для долгосрочного успеха в обучении.

